

АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР

Қазақстандағы әр баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінде бекітілген.

Облыста атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Әкімнің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы №245 қаулысымен бекітілген «Облыстағы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және қиын өмірлік жағдайдағы балалардың құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі 2019–2021 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарына» сәйкес, облыста отбасылық үлгідегі балалар үйлерінің желісі ұлғайып, балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін қорғаншылық пен қамқоршылыққа, патронаттық тәрбиеге беру үрдісі айтарлықтай дамыды.

Сонымен қатар, жетім балаларды асырап алу және оларды қандас отбасыға қайтару, қамқорлық, қорғаншылық пен патронатқа тапсыру қызметінің белсенді жүргізілуіне байланысты, балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің саны айтарлықтай азайды.

Облыста 2015-2020 жылдары арасында 21 отбасылық үлгідегі балалар үйі және 2 қабылдаушы отбасы ашылды, яғни соңғы 5 жылда отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінің саны 2-ден 21-ге артты.

Бүгінгі күні облысымызда 0-18 жас аралығында **433070** баланың **1352-сі**, яғни (0,3 %) жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (оның 654-ы жетім, 698-ы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар).

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың басым бөлігі қорғаншылықта және қамқоршылықта – 1002 (74,1%), патронаттық тәрбиеде (10,7%), **21** отбасы үлгісіндегі балалар үйі (**83 бала**) мен **2** қабылдаушы отбасында (9 бала) **92** тәрбиеленуде (12,4%).

Облыстағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерде **113** (8,3%) бала тәрбиеленуде.

Интернаттық мекемелерде тұратын балаларды отбасына тәрбиелеуге беру есебінен 5 жыл ішінде көрсеткіш 44,8%-ға азайды. Тиісінше, мекемелердің саны қысқарып, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығында 47 бала тәрбиеленуде.

Орталық өмірлік қиын жағдайдағы балаларға медициналық, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, құқықтық қызметтерді көрсетеді.

2019 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексіне өзгерістер



мен толықтырулар енгізілуіне байланысты (2020 жылдың 1 шілдесінен қолданысқа «әлеуметті асырап алушы ата-аналар психологиялық дайындықтан өтуге міндетті»), бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттіктер мен жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың қызметі отбасылық орналастыру саласындағы маңызды қадам болды.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдайтын отбасылар үшін тегін негізде психологиялық дайындық және басқа да консультациялық көмек көрсетіледі.

Облыста отбасылық тәрбиедегі балаларды кері қайтаруды болдырмау үшін қабылдаушы ата-аналарды міндетті даярлау енгізілді.

«Асырап алушы ата-аналар мектебінде» үміткерлерді психологиялық даярлықтан оқыту жұмыстары жүргізілуде. Бүгін күні өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген 16 ата-ана онлайн арқылы оқытылды.

Кешенді жоспардың іске асыру іс-шаралары аясында мемлекеттік тұрғын үй қорынан жетімдер мекемелерінің тәрбиеленушілеріне және бітірушілеріне қолданыстағы заңнамада бекітілген тәртіппен тұрғын үй бөлу қарастырылған.

Бүгінгі күні облыстағы **1352** жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінде 223 баланың бекітілген тұрғын үйлері бар, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін кезекке **1129** бала қойылған. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан соңғы төрт жылда **312** балаға пәтер берілді.

Облыс әкімінің бастамасымен биылғы жылы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қолдау жөніндегі «Мейірім» жобасы іске қосылды.

Жоба тұжырымдамасы бойынша облыстағы барлық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар облыстағы мемлекеттік мекемелер мен ірі кәсіпорындарға бекітілді.

Осы жоба аясында облыстағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі **133** тәрбиеленушіге әлеуметтік қолдау көрсету



мақсатында облыстағы 87 мекеме мен жауапты тұлғаға әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі күні аталған санаттағы 133 тәрбиеленушіге «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-да есеп-шоттары толық ашылды.

Сонымен қатар, Тараз қаласы мен аудандардағы (қорғаншылық пен қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегі, отбасы үлгісіндегі балалар үйі, қабылдаушы отбасындағы) отбасылық тәрбиедегі **1233** тәрбиеленушіні әлеуметтік сүйемелдеу бойынша **952** демеушімен жұмыстар жүргізілуде.

Қортындылай келе, әрбір елдің тірегі – халқы. Ал, халықтың болашағы – жастар. Сол себепті де дүниеге шыр етіп келген әрбір нәресте біз үшін қымбат. Ал, әр баланың отбасында тәрбиеленіп,

ата-ананың аялы алақанында болуы табиғи заңдылық.

Қазақ халқы «Жетім көрсең, жебей жүр» дегенді ұстанып, ата-анасыз қалған балаларды бауырына басып, жағдайын жасап, қамқорлыққа алуға тырысқан. Сол салтынан қайтпай, дәстүрлі әдетпен қазіргі заман адамдары да бала асыраумен заң жүзінде айналысуда.

Ертеңіміздің үлгілі де өнегелі ұрпағын қалыптастырғымыз келсе, еліміздегі әрбір қазақ баласына қамқор болып, болашақ қадамының жағдайын бүгіннен бастауымыз қажет.

М. С. АРЫН,
Жамбыл облысы әкімдігінің
Білім басқармасының
баланың құқықтарын қорғау
бөлімінің бас маманы



АННОТАЦИЯ

В области проводится большая работа, направленная на защиту прав и законных интересов детей и улучшение качества их жизни, по усыновлению сирот и их возвращению в семью, опеке и патронате, действует центр, оказывающий медицинскую, социально-психологическую, педагогическую, правовую помощь находящимся в трудной жизненной ситуации.